

Неліктен журналистика?

Журналист... қарап отырсақ осы 8әріптің өзінде батылдық, қайсарлық, ақылдылық тұнып тұр. Ең алдымен, өз сөзімді өз ісінің хас шебері, білікті де білімді хх ғасырда журналист саласының негізін қалаған Мұхамеджан Саралиннің есімімен бастағым келіп тұр. Жалпы, бұл кісінің шығармашылығынан табиғатынан дарынды, аналитикалық ойлау қабілеті және әр мәселеге өзінің жеке көзқарасы бар екенің байқаймыз. Жаяудың үні шықпас, жалғыздың шаңы шықпас демекші ол кісі сол замандағы бірен-саран адамдарды жинап “Айқап” журналының жарық көруіне себепкер болды. Ол өз халқына қызмет еткен кісі. Сонымен қатар “Егемен Қазақстан” газетінің негізін қалаушы. Ұлтты ана тілінде жазып, сөйлеуге шақырған қазақ зиялыларының бірі. Мен өзім бір орында қалып қалмайтын, үнемі ізденісте жүретін, бәрін уақытылы атқаратын жауапкершілігім мол, шыншыл тұлға ретінде болғандықтан осы мамандық өзіме жақын болды. Себебі журналистика саласы көп ізденісті, адалдық, қоғаммен байланыста болуды ең бастысы шынайы болуды талап етеді. “Журналист-қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистикада бітіп тынады” деген пікірді ұстанамын.

Енді мен үлгі тұтатын тілші жайлы сөз қозғай кетсем. Өзімнің жаныма жақын тілшілердің бірі: Асхат Ниязов. Ол Ресей тумасы болғанымен, Қазақстандық журналист. Бастапқыда Хабар 24 мемлекеттік телеарнасындағы әкімдер жайлы баяндайтын «Әкімдер» бағдарламасы үшін белгілі болған Ниязов кейін тәуелсіз журналист болуға мәжбүр болды. Қазақ журналистикасына жаңа дем беріп, өзінің қарапайым халықтан репортаж алуымен, шынайлығымен, қоғамның мұн-мұқтажын тыңдап, әкімшіліктегі жемқорлықты саралап кейін тосыннан әкімнің өзіне барып тікелей жеткізуімен ерекшеленеді. Қоғам үшін қызмет істейтін тілшілердің бірі. Бір ерекшелігі өз жұмысында адамдарға позитив сыйлап, бәрін жақсы көңіл күймен шешеді. Және ол менің туған өлкем Балқашқа да келіп, сол уақыттада қалада су болмай су құбырларын қайта қалпына келтіріп жұмыс жүргізіліп жатқан. Асхат Ниязов жай мәселе қарап кетіп қана қоймай, кейін әкіммен жолығып мәселенің шешуіне үлес қосқан кісі.

Жалпы, мен өзім бала кезімнен бері Балапан телеарнасын көріп өстім. Осы телеарна арқылы қазақ тілі, қазақ салт-дәстүрі, ұлттық ойындар т.б бойыма тез сіңіп кетті. Бұл теле арна 2015-2018 жылдар аралығында өте қызықты болған. Мысалы: жәй ғана Әли мен Айя, Қуыр қуыр қуырмаш осылардың түпкі идеясы қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеуге жатады. Олар киіз үйде ата әжесінің қолында тұрады. Атасы Алиге атқа мінуді, асық ойнауды ал, әжесі Айяға үй тұрмыс тіршілігімен дәстүрлерді түсіндіреді. Сонымен, қатар түрлі интеллектуалды ойындар (тапқырлар алаңы) олар менің білімімді ойымды шыңдандырды. Және қазақтың тарихы аңқып тұратын жырлары, батырлары туралы дастандар (Толағай, Ер-Тарғын, Алпамыс Батыр) мультфильм арқылы берілетін. Осы арқылы мен қазақ халқының тарихын, батырлардың ерліктеріне бала кезімнен куә болып, патриоттық сезімім оянды деуге де болады. Алайда, қазір осы телеарнада түрлі мән мағынасы жоқ шетелдік мультфильмдер түрлі шоулар көрсетіледі. Оған қоса қаралым саныда азаюда. Оған себеп бұрынғыдай мультфильмдердің болмауы деп есептеймін

Сөзімді түйіндеу келе, қоғам мен билікті байланыстыратын алтын көпір болып және өзіміздің қазақтың иісі шығатын кино, мультфильмдер, қазақы салт-дәстүрлі әншілер, домбыра тартқан, күй шерткен жандардың танылуы мақсатында да журналистика саласын таңдап отқаным бар. Осыған бір үлесімді қосқым келеді. Осылайша, мен өз басым телевизия саласын пайдалы жаққа дамытуды қолдайтындардың қатарындамын. Келешекте қазақтар кім? Тарихы қандай? десе батырлар, жырлар, аңыздарымыз арқылы танытын туындыларды келесі ұрпаққа қалдыруымыз керек. Тарихты білмей, болашақты болжау қиын демекші, өз отандастарымызды қолдап, халыққа да пайдамыз тисе біз жақтан үлкен көмек деп білемін. Телевизия мен ақпарат қатар жүретін сала болғандықтан, ақпаратсыз адам дамида, болашағын елестете де алмайды. Мен болашақта осы саланы қолға алып, әлемге Қазақстан телевизиясының үздік екенің көрсететіп, халыққа қызмет ететін боламын